

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 62 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1074. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 (V043400) қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) нормативтік құқықтық актілерін 2000 жылғы 01 қаңтардан бастан күшіне енгізілген "Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы заңының 13-тармағына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 3) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ұлттық комиссияның мынадай нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар енгізілсін :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 389 нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасындағы қор биржаларының, биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы" 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 152 қаулыға (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 118-бет):

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 390 нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қор биржаларының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы ережеге (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 122-бет; "Рынок және құқық". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 7 (8) , 5 - б е т) :

7 - т а р м а қ т а :

з) тармақшасы "кітапшаларының" деген сөзден кейін "(олар бар болса) немесе жеке еңбек шарттарының не жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың үзінді-көшірмелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 391 нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы ережеге (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том 125-бет; "Рынок және құқық". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 7(8), 5-бет):

7 - т а р м а қ т а :

з) тармақшасын "кітапшаларының" деген сөзден кейін "(олар бар болса) немесе жеке еңбек шарттарының не жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың үзінді-көшірмелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) к ү ш і ж о й ы л д ы ;

3) "Инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялаудың, бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың уақытша ережелерін және Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы уақытша нұсқаулығын бекіту туралы" 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулыға (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 199-бет):

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 528 нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың уақытша қағидаларына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 142-бет):

5 - т а р м а қ т а :

14) тармақшасы "кітапшаларының" деген сөзден кейін "(олар бар болса) немесе жеке еңбек шарттарының не жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың үзінді-көшірмелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 529 нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялаудың уақытша қағидаларына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 200-бет):

6 - т а р м а қ т а :

13) тармақшасы "кітапшаларының" деген сөзден кейін "(олар бар болса) немесе жеке еңбек шарттарының не жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың

үзінді-көшірмелерін" деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 177 қаулысымен .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" Занды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретіндегі қызметін, бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногындағы тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) Осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы
Комиссияның мүшелері